

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономиканың мемлекеттік секторын басқаруды жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 11 мамырдағы N 384 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономиканың мемлекеттік секторын басқаруды жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Жоба

**Қазақстан Республикасының Заңы**

**Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономиканың мемлекеттік секторын басқаруды жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

**1-бап.** Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Мұнай туралы" 1995 жылғы 28 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 11, 76-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 11, 150-құжат; 1999 ж., N 21, 787-құжат; 2003 ж., N 6, 34-құжат; N 11, 56-құжат; 2004 ж., N 22, 131-құжат; N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 16, 70-құжат):

1-баптың 17) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"17) мұнай операцияларын жүргізу жөніндегі ұлттық компания (бұдан әрі - ұлттық компания) - жалғыз акционері ұлттық холдинг болып табылатын және осы Заңда белгіленген жағдайларда мұнай операцияларын жүзеге асыратын мемлекет құрған акционерлік қоғам;" .

2. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 15, 281-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 5, 58-құжат; N 13-14, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 11-12, 176-құжат; N 17-18; 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 9, 86-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 5

, 31-құжат; N 10, 51-құжат; N 11, 56, 67-құжаттар; N 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., N 11-12, 66-құжат; N 15, 86-құжат; N 16, 91-құжат; N 23, 140-құжат; 2005 ж., N 7-8, 24-құжат; N 14, 55, 58-құжаттар; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 2, 20-құжат; N 4; 24-құжат):

1) 30-баптың 2-тармағының 8) тармақшасындағы, 34-баптың 1-1 және 2-тармақтарындағы "мемлекет бірден-бір акционері болып табылатын" деген сөздер "акцияларының бақылау пакеті мемлекетке немесе ұлттық холдингке тиесілі" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 182-құжат; 1999 ж., N 11, 357-құжат; N 21, 787-құжат; 2003 ж., N 11, 56-құжат; 2004 ж., N 22, 131-құжат; N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 16, 70-құжат; 2006 ж., N 2, 20-құжат):

1-баптың 24) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"24) жер қойнауын пайдалану жөніндегі ұлттық компания (бұдан әрі - ұлттық компания) - жалғыз акционері ұлттық холдинг болып табылатын және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда жер қойнауын пайдаланудың белгілі бір салаларында қызметті жүзеге асыратын мемлекет құрған акционерлік қоғам;

4. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 3, 17-құжат; N 9, 86-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 10, 103-құжат; 2004 ж., N 10, 56-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 142-құжат; N 24, 144-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат):

27-баптың 1-тармағының 22-1) тармақшасы алып тасталсын.

5. "Қазақстанның Даму Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 9, 85-құжат; 2003 ж., N 11, 56-құжат; N 12, 83-құжат; N 15, 139-құжат; 2004 ж., N 15, 85-құжат; N 23, 140, 142-құжаттар; 2005 ж., N 11, 37-құжат; N 23, 105-құжат):

1) 2-баптың 3-тармағындағы "Қазақстан Республикасының Үкіметі" деген сөздер "ұлттық басқарушы компания" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 6-баптың 1-тармағы алып тасталсын;

3) 13-баптың 2-тармағындағы "мен облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздер алып тасталсын;

4) 16-бапта:

1-тармақтағы "республикалық және жергілікті" деген сөздер "республикалық" деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақ алып тасталсын;

5) 22-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"22-бап. Даму Банкінің акционері

Қазақстан Республикасының Үкіметі Даму Банкінің жалғыз акционері болып табылады.

Қазақстанның Даму Банкі акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқықтарын ұлттық басқарушы компания жүзеге асырады.";

6) 24-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"24-бап. Даму Банкінің Директорлар кеңесі

1. Даму Банкінің Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің төрағасын қоса алғанда, ұлттық басқарушы компания сайлайтын жеті мүшеден тұрады.

Даму Банкі Директорлар кеңесінің екі мүшесін Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұсынуы бойынша ұлттық компаниясы сайлайды.";

2-5-тармақтар алып тасталсын;

7) 25-баптың 2-тармағындағы "Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұсынуы бойынша акционерлердің жалпы жиналысы" деген сөздер "ұлттық басқарушы компания" деген сөздермен ауыстырылсын.

6. "Темір жол көлігі туралы" 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 23, 315-құжат; 2003 ж., N 10, 54-құжат; 2004 ж., N 18, 110-құжат; N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 2, 20-құжат):

1-баптың 15) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"15) Ұлттық темір жол компаниясы - жалғыз акционері ұлттық холдинг болып табылатын және магистралдық темір жол желісін күтіп-ұстауды және пайдалануды жүзеге асыратын, сондай-ақ магистралдық темір жол желісі қызметтерін көрсететін мемлекет құрған акционерлік қоғам;"

7. "Почта туралы" 2003 жылғы 8 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 3, 17-құжат; N 15, 139-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 14, 55-құжат; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжаттар):

1) 1-баптың 11) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"11) Ұлттық почта операторы - жалғыз акционері ұлттық холдинг болып табылатын, баршаға қолжетімді почта байланысының қызмет көрсетуін, арнайы байланыс қызметін көрсетуін жасау және қаржы қызметі мен қаржылық қызмет көрсетуді жүзеге асыру жөнінде міндеттемелер жүктелген мемлекет құрған акционерлік қоғам;"

2) 6-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Ұлттық почта операторы - ұлттық холдинг бірден-бір акционері болып табылатын акционерлік қоғам."

8. "Акционерлік қоғамдар туралы" 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 10, 55-құжат; N 21-22, 160-құжат; 2004 ж., N 23, 140-құжат; 2005 ж., N 14, 58-құжат):

### 3 4 - б а п т а :

1-тармақ "өзге мемлекеттік органға" деген сөздерден кейін "не ұлттық басқарушы компанияға" деген сөздермен толықтырылсын;  
мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Индустриялық-инновациялық даму саласында қаржылық және өзге де қызметтер көрсететін заңды тұлғалар акцияларының мемлекеттік пакеттерін (қатысу үлестерін) басқару мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, жалғыз акционері мемлекет болатын акционерлік қоғам ұлттық басқарушы компания болып табылады."

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік акциялар пакетін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын мемлекеттік орган, ұлттық басқарушы компания Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша акционер ретінде мемлекеттің мүдделерін білдіреді.

Мемлекеттік акциялар пакеттерін иелену мен пайдалануды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар акционерлердің жалпы жиналыстарында қабылдауға ұсынылатын шешімдердің жобаларын мемлекеттің қатысуымен Қазақстан Республикасының Үкіметімен және (немесе) мемлекеттік меншікке билік етуге уәкілетті мемлекеттік органмен алдын ала жазбаша түрде келісуді қамтамасыз етуге міндетті мәселелер тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Ұлттық басқарушы компания мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы сенімгерлік басқару туралы шартта мынадай міндетті ережелер көзделіп отыр:

1) директорлар кеңесінің құрамын айқындау құқығын қоса алғанда, акцияларының мемлекеттік пакеттерін (қатысу үлестерін) иелену және пайдалану құқығы ұлттық басқарушы компанияға берілген заңды тұлғаларға қатысты ұлттық басқарушы компания өкілеттіктерінің тізбесі;

2) ұлттық басқарушы компания мемлекеттік меншікке билік етуге уәкілетті мемлекеттік органмен шешімдер жобасын алдын ала жазбаша келісуді қамтамасыз етуге міндетті мәселелердің тізбесі;

3) тиісті заңды тұлғалар акцияларының мемлекеттік пакеттерін (қатысу үлестерін) басқарғаны үшін ұлттық басқарушы компания қызметтеріне ақы төлеу тәртібі мен шарттары."

### 4 - т а р м а қ т а :

екінші бөліктегі "Ұлттық" деген сөз "Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық" деген сөздермен ауыстырылсын;  
мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Акционері ұлттық холдинг болып табылатын ұлттық компаниялардың даму жоспарлары осы ұлттық компаниялардың Директорлар кеңесі бекітеді."  
мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Құрылтайшысы және жалғыз акционері мемлекет болатын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша оған орналастырылатын акцияларды төлеуге берілген ұлттық компаниялар мен өзге де акционерлік қоғамдардың акцияларының мемлекеттік пакеттерін тиімді басқару үшін құрылған акционерлік қоғам Ұлттық холдинг болып табылады.";

5-тармақтағы "акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі, ұлттық экономиканың негізін құрайтын стратегиялық жағынан маңызды салаларда Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен құрылған акционерлік қоғам" деген сөздер "акцияларының бақылау пакеті мемлекетке немесе ұлттық холдингке тиесілі, ұлттық экономиканың негізін құрайтын стратегиялық жағынан маңызды салаларда қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен құрылған акционерлік қоғам" деген сөздермен ауыстырылсын.

9. "Қазақстан инвестициялық қоры туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж . . , N 16 , 89 - қ ұ ж а т ) :

- 1) 1-баптың 5) тармақшасы алып тасталсын;
- 2 ) 8 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Қордың акцияларын иелену және пайдалану құқығын ұлттық басқарушы компания жү з е г е а с ы р а д ы . " ;

2 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

3) 9-баптың 2-тармағындағы "Қазақстан Республикасының Үкіметі" деген сөздер " ұлттық басқарушы компания" деген сөздермен ауыстырылсын.

10. Газеттерде жарияланған ("Егемен Қазақстан" 2006 ж. 31 наурыз және " Казахстанская правда" 2006 ж. 30 наурыз) "Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы" 2006 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына :

1) 13-баптың 3-тармағындағы "Қазақстан Республикасының Үкіметі" деген сөздер " ұлттық басқарушы компания" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 ) 15 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Ұлттық инновациялық қордың акцияларын иелену және пайдалану құқығын ұлттық басқарушы компания жүзеге асырады.";

2 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н .

**2-бап.** Осы Заң ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК